



# МАҚСАТ- АЛҒА АДЫМДАЙ ТҮСУ

*(Дэннис Прайстың облыс әкімінің қатысумен өткен кәсіпорын директорлары мәжілісінде жасаған баяндамасынан)*

«Батыр Аксес Көмір» ЖШС-і қалыптасудың ауыр жолынан өтіп, Қазақстан мен Ресейдің көмір рыногында өз орнын тапты деп бүгінгі күні сеніммен айтуға болады. Көмір өндіру мен оны сатудың қарқыны жыл сайын өсіп, Компания Қазақстанның көмір өнеркәсібіндегі көш басшылық позициясын нығайтуда. Өткен, яғни 2004 жылы тұтынушыларға 35,8 млн тонна энергетикалық отын сатылды. Бұл Компанияның Екібастұз көмір ошағында өз қызметін жүзеге асыра бастаған сегіз жарым жылдың ішінде қол жеткізген рекордтық көрсеткіші. Үстіміздегі жылдың басынан бері «БАК» ЖШС-і көмір өндірудің қарқынын былтырғымен салыстырғанда 3,4 пайызға арттырып, Қазақстан мен Ресейдегі тұтынушыларына жалпы алғанда 9 млн. 670 мың тонна көмір жөнелтті. Бүгінгі күні Қазақстанның көмір өндіруші компанияларының арасында біздің кәсіпорынның көмір өндіру үлесі 39,7 пайыздан 41,1 пайызға ұлғайды. 2004 жылы кәсіпорынды дамытуға 1 млрд. 812 млн теңге күрделі қаржы құйылса, биылғы жылдың 1 тоқсанында бұл цифрлар 1 млрд. 253 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 1,5 есеге өсті. Біздің бумажамыз бойынша Компания биылғы жылы тұтынушыларына 36 млн. тонна көмір өндіріп сатады. Мұндай перспектива Компанияның материалдық техникалық базасын бұдан әрі дамыту мен нығайтуға ғана емес, сондай-ақ ұжымның әрбір мүшесінің әл-ауқатын өсіруге оңықпал өтеді деген сенімдемін.

Өткен жылдардың ішінде Компания мамандары көмірді өндіру мен тиеудің технологиясын жетілдіру жолында мақсатты жұмыс істеді және қазір де істеуде. 2004 жылы Батыр кенішінде


тау кен жұмыстарын жүргізу циклдік – ағымдық технологияға көшіріледі. Бұл – біздің көмірдің сапасын жақсартып, өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, тау кен жұмыстарының тереңдеуіне қарамастан еңбек өнімділігін арттырады.

2004 жылдың ортасынан бері циклдік – ағымдық технология нысандарына алаңдарды дайындау жөніндегі тау кен – күрделі жұмыстары жүргізілуде. Ал, 2005 жылдың 1 тоқсанында көмір өндіру жұмыстарын циклдік–ағымдық технологияға көшіру үшін көлік схемасын қайта жарақтау жұмыстары басталды. Көмір өндіру жұмыстарын аталмыш технологияға көшіру ішкі кен үйінділерін ұйымдастыруды жеделдетіп, бұл – көмір шаңының көтерілуін азайтып, аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарттады.

Экология тақырыбын жалғастыратын болсақ, өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаға тиетін зиянды азайтудың жолдарын анықтау мен

«Батыр» кенішіндегі 100 метрлік тереңдіктегі «Батыр» дренаждық шахтасындағы жерасты құрылысы жалғастырылуда. Ол 2008 жылы аяқталып, кеніштің көмір өндіру алаңдарын толықтай құрғатуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, компания тұтынушыларына ылғалдылығы төмен көмірді жөнелте алады. Сонымен қатар тау кен – көлік жабдықтарын пайдаланудың жағдайы едәуір жақсарып, көмір өндіру забойларын қопаруды дайындау кезінде суға тезімді жарылғыш заттарды қолданудың үлесі төмендейді.

Біз сондай-ақ бұрғылау, қопару жұмыстары кешенінің технологиясын жетілдірумен де белсенді түрде шұғылдандырамыз. Аталмыш шаралар бұрғылау жұмыстарын техникалық қайта жарақтандырып, дизельдік двигательді бұрғылау станоктарына көшуге мүмкіндік береді. Жаңа қопарғыш заттарды пайдалану қопару жұмыстарының сапасын



белгіленген барлық бағдарламаларды шешуде компанияның ұстанған тәсілі - өлемдегі ең таңдаулы жабдықтарды сатып алу.

«Батыр Аксес Көмір» ЖШС-і Павлодар өңіріндегі шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге маңызды мән береді. 2005 жылғы мемлекеттік импорт алмастыру бағдарламасы аясында Компания біздің облысымыздың 41 кәсіпорынмен сомасы 766 млн. 700 мың теңгеге импортталмасу өнімдерін алу хаттамасына қол қойды.

Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында «Батыр Аксес Көмір» ЖШС Павлодар облысының 22 кәсіпорын-тауар өндірушісімен жалпы сомасы 451 млн. 384 мың теңгенің келісім шарттарына (оның ішінде Екібастұз қаласының 10 кәсіпорнынмен сомасы 377 млн. 237 мың теңге, оның ішінде 4 кәсіпорынмен сомасы 194 млн. 891 мың теңгенің түрлі қызметін көрсетуіне) қол қойып үлгерді.

Импортталмасу бағдарламасы бойынша алынған өнімдердің көлемі 2005 жылдың I тоқсанында 157 млн 720 мың теңгені (оның ішінде Екібастұз қаласы кәсіпорындарының 138

мұқтаж адамға санаторийлік, курорттық емдеуді ұсыну және т.б. Мәселен, Компанияның өнеркәсіптік өндірістік персоналының бір жұмыскерінің бір айлық орташа еңбекақысы 2005 жылдың I тоқсанында 35 185 теңгені құрады. 2004 жылдың осы мерзіміне тиісінше 5,05 пайызға өсті.

Біз персоналға әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер беру кешенін кеңейтуге, еңбек рыногында кенші кәсібінің беделін арттыруға көп көңіл бөлеміз.

Компания санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдама құнының 75 пайызын төлейді. Өзіміздің меншігіміздегі «Березка» демалыс үйінде жазда жолдама құнының 6 пайызын ғана төлеп «Батыр Аксес Көмір ЖШС-нің 1600 жұмыскері демалады. Балалардың сауықтыру лагерінде жазды күні Компания жұмыскерлерінің 1600 баласы мен 200 жетім және тұрмысы төмен отбасы балалары демалады. Кәсіпорында спорттық қоғам қайтадан жұмыс істей бастады. Меншікті спорттық базамызда спорттың әр түрінен спартакиадалар мен жарыстар өткізіліп тұрады.

«Батыр Аксес Көмір» ЖШС-нде кадрларды даярлаудың тиімді жүйесі жасалған. Компанияның оқыту-курстық комбинаты 147 кәсіпке мамандарды даярлауға лицензия алған. Жыл сайын онда 3500 адам оқытылады. Оқыту-курстық комбинатында кадрларды даярлау үшін компания 1, 4 млн. теңге

## ЖАҚСЫ ЕҢБЕКТЕНІП, ТАМАША ДЕМАЛДЫҚ

Демалыс күндерінде біздің Компанияның бірлескен жастар қозғалысының мүшелері Жасыбай көліне жолға шықты. Біздің алдымызда «Қарлығаш» сауықтыру лагері мен «Березка» демалыс үйін жазғы демалыс маусымына дайындау мақсаты тұрды. Бұл жолы біз «Қарлығаш» лагерінің аумағында жұмыс істедік. Ықыласпен еңбектеніп, күзде түскен жапырақтарды, бұталарды жинадық. Нәтижесінде жоспарлағанымыздан әлдеқайда ауқымды істерді тындырдық. Жұмыс істеп болған соң, жақсылап тынығудан да бас тартқан жоқтыз. Егер бірінші күні аумақты тазалағанымызда күн жылы әрі ашық болса, екінші күні аспан бұлтталып, ауа салқындады. Бұл тауға жорыққа шығуға қолайлы еді. Біз Найзатас пен Кемпіртас шыңдарына шықтық. Найзатасқа көтерілгенімізде бойымызды үрей биледі. Өйткені, бір-бірімізге демеу болмасақ жоғарыға шығу қиын екен. Найзатастың үстінен Жасыбайдың өдемі табиғатын тамашаладық. Бір жағынан таулар мен көлдің әсем көрінісі көрінсе, екінші жағынан ұшықырсыз дала көз алдымызда көсіліп жатты. Әсіресе, жан-жағынан жақтар тасты таулар қоршаған көл керемет екен. Ерте кектемде ауа гүлдердің жұпар иісімен аңқып, айнала көкпаңбек боп жатыр. Мұның бәрі біздің көңіл күйімізді көтеріп, қиялға жетеледі.

«Батыр Аксес Көмір» ЖШС-нің бірлескен жастар қозғалысының мүшелері келесі кектемде «Жастар гүлденген қала үшін» акциясын өткізуге шақырады.

**Зәмзәгүл Рамазанова,**

«БАК» ЖШС-нің бірлескен жастар қозғалысының ақпараттық жұмыстар жөніндегі басшысы

істеуде. 2004 жылы Батыр кенішінде көмір-кен жынысын тиеу кешенін қайта жарақтау аяқталды. Оның көмегімен біз көмірді ұсақтау проблемасын айтарлықтай шештік, сөйтіп биылғы жылы тұтынушыларға 14 млн. тонна ұсатылған көмірді жөнелтуді жоспарлап отырмыз. Кешенді іске қосқан күннен бастап ұсатылған көмірдің күлділігінің тұрақты көрсеткіші 42,9 пайызды құрап отыр. Ал, ескі технология бойынша көмірдің күлділігі 41 пайыздан 45,2 пайызға ауытқып тұратын. Айтпақшы, таяуда аталмыш кешенде 2004 жылдың тамызы мен 2005 жылдың сәуірі аралығында атқарылған жұмыстың қорытындысы шығарылып, тұтынушыға 10 млн. тонна ұсатылған көмір жөнелтілгені белгілі болды. Кешеннің табысты жұмысы энергетикалық көмір рыногында біздің кенішіміздің жоғары бәсекелестік қабілетін қамтамасыз етеді.

2005 жылдың басында «БАК» ЖШС-і батыстық фирмалармен бірлесіп, кенішті техникалық қайта жарақтан-дыруға кірісті. Яғни, көмірді өндіру мен

талдауда «Батыр Аксес Көмір» ЖШС-і экологиялық менеджментте экологиялық аудитті қолданады. Бұл жұмыс «денсаулықты қорғау мен экокөбалу орталығы» ЖШС-інің күшімен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта кәсіпорынның стандарттары жасалып, персоналдың тренингі өткізілді. 2005 жылы алдын-ала сертификациялауды жүргізу жоспарлануда.

Қоршаған ортаға әсер етуді азайту үшін «Батыр Аксес Көмір» ЖШС-інде төмендегідей табиғатты қорғау және ресурстарды сақтау шаралары жүргізілуде: көмірді ұсату, пастаушы заттарды шығаруды азайту, солтүстік кенішіндегі тау-кен жұмыстарын қайта жарақтау.

Бұл жұмыстарды жүргізу солтүстік кенішіндегі көмір өндірудің рентабельділігін және аймақтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

арттырып, сол забойларды дайындауға кететін шығындарды азайтады. Сондай-ақ, метан қаупі бар забойларда қопару жұмыстарын жүргізгенде өрт шығу қауіпсіздігі деңгейін көтеріп, улы газдардың ауаға тарауын азайтады. Белгіленген аталмыш шараларды жүзеге асыру үшін «Батыр» кешені бойынша 2030 жылға дейін 57 млрд. теңгеден астам инвестиция салынады.

«Батыр» кенішінің «Солтүстік» кешеніндегі тау кен жұмыстарында да қайта жарақтау жалғасуда. Қазіргі уақытта көлік схемасын қайта жарақтау жүргізіліп, көмірдің ашылған қабаттарын кен жынысымен бітеу жүзеге асырылуда.» Батыр» кенішінің «Солтүстік» кешеніндегі тау кен жұмыстарын қайта жарақтау бағдарламасы аясында қашықтығы 4 км. теміржол мен Қарабыдайық стансасы салынды. Сонымен бірге мұнда кен қыртысын аршужиегінің жұмыс алаңына теміржол тартылуда. Кеніштегі тау кен жұмыстарын қайта жарақтаудағы негізгі міндет – эндогендік өрттердің шығу мүмкіндіктерін мейлінше азайтатын, сондай-ақ аймақтағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларды орындау болып табылады.

Екі «LIEBHERR» гидравликалық экскаваторы сатып алынып, оларды монтаждау аяқталуда. Мамыр айында бізге 5 үлкен автосамосвал мен «CAT-ERPILLAR» фирмасының қосалқы жабдықтары келіп түседі. Жаңа техника 2005 жылдың 3-тоқсанында жаңа автотеміржол технологиясына көшуді қамтамасыз етеді.

Солтүстік кешені бойынша қабылданған шешімдерді жүзеге асыру үшін 2025 жылға дейін мұнда 29 млрд. теңге жұмсалады. Айрықша атап өткен жөн,

**басшысы** кәсіпорындарынан 138 млн.217 мың теңге сомасы) құрады немесе бұл хаттамада көрсетілген соманың 20%-ы.

Осы мерзім ішінде алынған тауарлық-материалдық құндылықтардың негізгі түрлері: кабельдік-өткізгіштік өнімдер, тау кен жабдықтарына қосалқы бөлшектер, арнайы жұмыс киімі, бланктік өнімдер, кеңселік тауарлар, құрылыс материалдары және сыр-бояу өнімдері. Компанияда тауарлық көмірдің тұтынушылық қасиетін көтерудің Бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылуда. Оның негізгі мақсаты көмір өндірудің жаңа технологияларына көшуді мейлінше жеделдету және 2008 жылға тұтынушыларға ұсатылған сапалы көмір жіберуді 88 %-ға жеткізу. Ал 2015 жылы бұл көрсеткіш 100 %-ды құрауы тиіс. Сөйтіп, бұл кезде жыл сайын 38 млн. тонна ұсатылған көмір өндірілетін болады.

2004 жылдың ішінде және 2005 жылдың I тоқсанында «Батыр Аксес Көмір» ЖШС-де ИСО 9001:2000 менеджмент сапасының халықаралық жүйе стандарттарын енгізуді дайындау жөніндегі шараларды ұйымдастыру жүргізілді. «Батыр Аксес Көмір ЖШС-нің сапа аясындағы саясаты» бекітілді. Осы шаралар аясында ИСО 9000:2000 стандарттарын жасау және енгізу жөніндегі жұмыс тобына енетін қызметкерлерді оқитудың II кезеңі аяқталды. Таяу арада келесі кезең - әрбір қызметкерді сапа менеджментінің халықаралық жүйесі стандартының талаптарымен таныстыру басталады.

Техникалық базаны дамыта, озық жабдықтар мен техниканы сатып ала отыра Компания әлеуметтік саланың проблемаларын да ұмытпайды. Атап айтқанда, еңбекті төлеудің бәсекелестік деңгейін қамтамасыз ету, толыққанды демалыс үшін жағдай туғызу, әрбір

даярлау үшін компания 1, 4 млн. теңге жұмсады.

Жұмысқа шақырылған жас мамандармен 5 жыл мерзімге жеке еңбек келісім шарты жасалып, оларға жұмыс орнына жолақысы, көтерме ақы, тұрғын жайға төлейтін шығындары төленеді. Пәтер сатып алуды ұйғарғандарға өсіміз несие беріледі.

Жыл сайын жоғарғы оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік мектептердің 500 студенті мен оқушысы кәсіпорындарда практикандан өтеді. Бұл таңдаулы кадрларды іріктеуге мүмкіндік береді.

«Батыр Аксес Көмір» ЖШС-нде кәсіпорын басшылығы мен кәсіподақ ұйымы арасында ұжымдық келісім жасалады. Компания жұмыскерлерінің әлеуметтік кепілдіктері мен жөңілдіктеріне ұжымдық келісімнің қолданылу кезінде 1 млрд. 138 млн. теңгеден астам қаржы жұмсалды.

2005 жылға өндірістік жарақат алуды ескерту, жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбек шарты мен өртке қарсы жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар жасалды. 2005 жылдың 1-тоқсанына жоспарланған шаралардың барлығы орындалып, бұл мақсатқа 35 млн. 400 мың теңге жұмсалды.

Сонымен қатар «Батыр Аксес Көмір» ЖШС-і Екібастұз қаласының, бүкіл Павлодар өңірінің әлеуметтік бағдарламаларына белсене қатысады. Қайырымдылық мақсаттарға және өкімдіктер мен келісімдерді жүзеге асыру үшін аймақтың әлеуметтік дамуына 2004 жылы 314 млн. теңге жұмсалса, биылғы жылдың 1 тоқсанында 104 млн. теңге жұмсалып отыр.

*Түйіндей айтқанда, атқарылған іс аз емес. Бірақ бізге тоқмейілсу жат. Алда жаңа міндеттер тұр. Оларды жүзеге асыратынымызға мен сенімдімін.*

